

**CAF**  
CENTRAL ASIA FASHION

**30**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ  
INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION**

**10-12 августа  
august 2022**

**Central Asia Fashion  
Autumn-2022  
CREATING NEW OPPORTUNITIES**

**Алматыда Central Asia Fashion мерейтойлық 30-шы халықаралық  
сән көрмесі аяқталды**

**Central Asia Fashion қатысушылары мен келушілері**

B2B жобасы тарихындағы ең үлкен маусым өз алаңында әлемнің 10 елінен 143 сән брендтерін қабылдады. Түркия, Ресей, Молдова, Тәжікстан, Беларусь, Италия, Қытай, Польша, Қазақстан және Өзбекстаннан жеткізушілер мен өндірушілер өз коллекцияларын алдын байерлердің алдын ала тапсырыс беруі және сатып алуы үшін алып келді.

Ашылу салтанатына ресми сапармен Өзбекстан Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Аброра Фатхуллаев мырза мен Түркияның Қазақстан Республикасындағы Сауда Атташесі Сызддық Кая мырза келді.



Central Asia Fashion 30-шы халықаралық сән көрмесінің ашылуы

**CAF келушілері мен байерлік бағдарламаның қатысушылары**

Көрме өткен үш күнінде қатысушылардың стендтерін Орталық Азия елдерінен 7 470 бейінді маман тамашалады. Олардың ішінде Central Asia Fashion көрмесіне 5220 келушілер арнайы осы көрмені көру үшін келсе, Elite Line аяқ киім, үлбір, былғары және аксессуарлардың мамандандырылған көрмесіне 2250 сатып алушы тіркелген. Қазақстаннан, Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Қырғызстаннан, Ресейден және Түркиядан келген fashion мамандары келесі маусымға арналған топтамаларға алдын ала тапсырыс беру мен сатып алуға жоғары қызығушылық білдіріп, белсенділік танытты.

Көрменің ұйымдастырушылары өткізген арнайы байерлік бағдарламаның (hosted buyers program) негізгі нәтижесі шараға Қазақстанның барлық аймақтарынан 1734 сатып алушы мен сән бизнесі иелерінің қатысуын атап өтуге болады



Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің көрме павильоны

Көрменің тақырыптық бөлімдерінің ішінде ең көп ұсынылғандары әйелдер, ерлер және балалар киімдері, бас киімдер, сырт киімдер мен тондар, спорттық киімдер мен джинсалық киімдер, іш киімдер, сондай-ақ сөмкелер мен сәнді аксессуарлар. Әр бағыт стендтерде де, подиумда да көрініс тапты: көрме өткен 3 күн ішінде 2023 жылдың көктемінде өзекті болатын брендтердің 40-тан астам сән топтамалары көрсетілді.



Central Asia Fashion Autumn-2022 сән көрмесіне қатысушылардың сән көрсетілімдері

Central Asia Fashion мерейтойлық маусымы аяқ киім, үлбір, былғары және аксессуарлардың мамандандырылған көрмесі - Elite Line қосалқы жобасы үшін жарқын бастама болды. Бұл көрме павильоны 5 елден: Түркия, Ресей, Қазақстан, Беларусь және Өзбекстаннан 70-тен астам өндірушілерді жинады. Кең ассортимент, сәнді ұсыныстар, ең бастысы, өнімнің жоғары сапасы көрменің мамандандырылған аудиториясында сөзсіз қызығушылық тудырды - байерлер сол жерде алдағы маусымға алдын ала тапсырыс беру және жеткізу мүмкіндіктерін талқыға салды.

Сондай-ақ сән жобасының келушілерінің назарын KSIAD түрік тері өндірушілері мен кәсіпкерлері қауымдастығының арнайы гала-шоуы аударды, онда қауымдастықтың 7 жетекші мүшесінің: Gusto, Gatafur, Modagueen, Emelda, Tosato, Visette, Durassi брендтерінің коллекцияларының үлгілері көрсетілді.



KSAID тері өндірушілер мен кәсіпкерлер қауымдастығының сәнді туындыларының гала-шоуы (Түркия)

### Central Asia Fashion бизнес-конференциясы

Нарық сарапшылары мен БАҚ өкілдері арасында ерекше танымалдыққа ие болған CAF іскерлік конференциясы көрмеге келушілердің үмітін жылдағыдай ақтап шықты. Өзекті тақырыптар, қызу пікірталастар мен бірегей аналитика мен болжамдар ешбір қатысушыны бей-жай қалдырмады.



Central Asia Fashion Autumn-2022 бизнес конференциясының беделді сарапшылары

Сонымен, 10 жыл бойы тұтынушылардың мінез-құлқының мега-аналитикасын ұсынған NielsenIQ Kazakhstan компаниясының коммерциялық директоры Мәдина Сейсенғалиеваның айтуынша, Қазақстандық сатып алушылардың 88%-ы тауардың өзіндік құнын олардың брендіне, сапасына және өндірілген еліне қарағанда маңызды деп санайды. Ал «ҚР бөлшек сауда желілері одағы» заңды тұлғалар бірлестігі Басқарма төрағасының орынбасары Эльбеги Абдиев «Ірі бөлшек сауданың шектен тыс қайта жүктелуі» сессиясында алдағы маусымда тауарлардың көптеген санаттарының бағасының өсуін болжауда.

Алайда, CAF тапсырысы бойынша Alvin Market жүргізген Қазақстандағы бөлшек сауда нарығын арнайы салалық зерттеуі отандастардың болашаққа үмітпен қарайтынын және өз болжамдарында оптимистік көзқараста екенін растады – сұралғандардың 68%-ы аймақтағы экономикалық жағдай алдағы айларда, ал 80%-ы алдағы 5 жылда жақсарады деп күтеді.



Central Asia Fashion Autumn-2022 бизнес-конференциясы

Өз кезегінде халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткен «Қалыпты уақыттан кейінгі fashion бизнесінің әліпбиі» панельдік пікірталасында «бизнес осында және қазір өмір сүреді және басқа уақытты немесе қандай да бір ерекше жағдайларды күтпеу керек» деген пікірлер қозғалды. Бұл ретте киім дүкенін ашудағы жеке тәжірибесімен бөлісіп, бизнесті дамыту бойынша кеңес берген стилист және сән блогері Мира Бергеннің бизнес-кейсі дүкен иелеріне үлгі болып, шабыт сыйлады.

«Бөлшек саудада шығармашылықты қалай монетизациялауға болады?» атты панельдік пікірталас аудиторияның ерекше қызығушылығын тудырды, онда бизнес, өнер өкілдері және әлеуетті инвесторлар авторлық құқық контентінен қалай ақша табу және бизнес пен шығармашылықты біріктіру туралы пікір алмасты.

Сондай-ақ көрмеге келушілер бизнес-конференциядан тыс уақытта сарапшылармен тілдесіп, бизнесті дамыту үшін пайдалы ақпарат ала алғанын да атап айту керек. Іс-шараның барлық үш күнінде көрме алаңында арнайы жабдықталған тегін кеңес беру орталығы жұмыс істеді, онда fashion ритейлінің жетекшілері жүйлі басқару, мерчандайзинг, ассортиментті басқару, жоспарлау және сату, кадрларды іріктеу және оқыту, қаржы және бухгалтерлік есеп, салықтық есеп және аудит бойынша ұсыныстарымен бөлісті.

Мерейтойлық маусымға арнайы ұйымдастырылған келушілерге арналған ерекше қызмет: Орталық Азияда алғаш рет Central Asia Fashion аясында «бір сағатқа стилист» қызметін сатып алу кәсіби қолдау көрсету қызметі ұсынылды. Стилист-тәжірибешілер тобы сатып алушыларға табысты коллекцияларды жинауға, дүкеннің тауарларын есептеуге және сатып алу бюджетін қалыптастыруға көмектесті.

"CAF вакансиялар жәрмеңкесі" бизнес-бағдарламасының тағы бір арнайы жобасы жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге Қазақстанның жетекші fashion компанияларындағы ашық вакансияларды ұсынды.

Келушілер резюме өтінімдерін қалдырып, кәсіби HR мамандарымен қысқа сұхбаттан өтті. Өз кезегінде тиімді жұмысшыларды іздеп жүрген жұмыс берушілер экспресс-сұхбат жүргізді.

### **Central Asia Fashion көрмесінің арнайы жобалары**

Central Asia Fashion көрмесінің ашылу салтанаты аясында ANDRES скаут агенттігімен бірлесіп қазақстандық дизайнерлердің қайырымдылық балалар шоуы өтті, онда Қазақстанның бес қаласынан (Нұр-Сұлтан, Алматы,

Шымкент, Семей және Қарағанды) келген 4 пен 14 жас аралығындағы балалар арнайы қазақстандық дизайнерлердің маусымдық коллекцияларын ұсынды.



Central Asia Fashion Autumn-2022 қатысушылары байерлерге жаңа топтаманы ұсынады

Келушілердің назарын аударған көрме аясындағы тағы бір тұрақты жоба – ART gallery CAF. Бұл жолы көрме қонақтарына кәсіби тәжірибеші психолог және суретші Миа Крыжановскаяның «Интеллектуалды өнер коды» ортақ тақырыппен біріктірілген 10 түпнұсқа картиналар жинағы ұсынылды. CAF ART галереясының шеңберінде келушілер нағыз психологиялық тесттен өту мүмкіндігіне ие болды: экспозицияда әрбір картинаға «психологиялық кілттер» көрсетілген нұсқаулықтар қоса берілген болатын, соларға сәйкес әр адам өзі туралы көбірек ақпарат ала алды.



CAF сән көрмесінің арнайы жобасы – designer pool.

Қазақстандық дизайнерлерден балаларға арналған сән көрсетілімі

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі Алматыда 2006 жылдан бері жылына екі рет өткізіліп келеді. Қазір CAF - бұл киім өндірушісі тұлғасындағы сенімді серіктес табу, коллекцияларды жеткізуге тапсырыс беру, дистрибьюторды табу, сонымен қатар кәсіби даму үшін барлық жағдай жасалған платформа. Әр маусымда шараға бүкіл Орталық Азия аймағынан және ТМД елдерінен fashion индустриясының сарапшылары: байерлер, сән бизнесінің иелері, сауда желілерінің өкілдері, сән дүкендерінің менеджерлері, сауда орталықтарының өкілдері, көтерме және бөлшек сауда саудагерлері қатысады. Көптеген қатысушылардың стендтерінде коллекцияларға алдын ала тапсырыстар мен сатып алулар жүзеге асырылады, подиумда сатып алушылар мен

дизайнерлердің сән көрсетілімдері өтеді, бизнес аймақта панельдік пікірталастар, аналитикалық сессиялар және тақырыптық семинарлар өткізілетін мамандандырылған бизнес-конференциялар өтеді. Expo-business-show көрмесінің барлық үш негізгі элементі мәмілелер жасауға және бизнес-процестерді белсенді жүргізуге бағытталған.

Көрменің негізгі бөлімдерінде әйелдер, ерлер, балалар, кешкі киімдер, іш киімдер, шомылуға арналған киімдер, үй киімдері, сондай-ақ үлкен өлшемдерге және белсенді өмір салтына арналған киімдерді қамтитын 40 өнім тобы ұсынылған. Байерлер мен қатысушылардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушы, CATEXPO көрме компаниясы арнайы байерлік бағдарламаны – Hosted Buyers Program жүргізеді, соның арқасында Орталық Азияның барлық аймақтарынан сатып алушылар CAF-қа қаржылық жүктемесіз келе алады.

CATEXPO көрме компаниясының іс-шараны ұйымдастырушылары бизнеске нақты және жүйелі түрде кіріскен. Алдымыздағы 2023 жылы болатын көрмелердің уақыты белгілі болды: мысалы, **CAF Spring-2023 халықаралық сән көрмесінің көктемгі маусымы 13-15 наурызда өтеді, ал CAF Autumn-2023 күзгі көрме салоны тамыз айында аяқ киім, үлбір, былғары және аксессуарлардың Elite Line мамандандырылған көрмесімен бірге өтетін болады. Барлық алдағы көрмелер өтетін орын – Алматы қаласы, Атакент көрме орталығы.**



**31** **МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ**  
**INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION**

**CAF**  
CENTRAL ASIA FASHION

**WWW.FASHIONEXPO.KZ**  
**+77770143618**  
**Казахстан, г.Алматы**

**13-15**  
марта  
march  
**2023**